

Грибановский Анатолий Павлович



Техника ғылымдарының докторы. Институттың бас ғылыми қызметкері, профессор, ҚР ҰҒА академигі. Зерттеудің негізгі бағыттары және ең маңызды жетістіктері:

- топырақ қорғау егіншілігіне арналған машиналар мен құрал-жабдықтардың жұмыс үдерістерін және олардың ауқымдарын негіздеу, оларды әзірлеу, сынау және енгізу;

- жоғарыда айтылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде эрозияға қарсы кешенді машиналар жасалды, олар көп мөлшермен шығарылды.

Бұл өткен 80 жылдары Одақ көлемінде 66 млн га, оның ішінде Қазақстанда 22 млн га жерді топырақ қорғау егіншілігіне қосуға мүмкіндік берді.

Бірлескен авторлықпен 140 ғылыми еңбектер жарияланды. 5 кітап, КСРО өнертабыстық 17 куәлігі және Қазақстан Республикасының 10 патенті алынды.

Ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, ҒТБ орталық басқармасының, КСРО ХШЖК қола медальдарымен, «Ерен еңбегі үшін», «Құрмет белгісі» орденімен, «Тыңның 50 жылдығы» медалімен марапатталды, Бүкілодақтық жастардың техникалық творчествосының лауреаты, КСРО-ның ғылым мен техникасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.